

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының
«№7 Бетқайнар колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

«Келісемін»

Жамбыл облысы Қордай ауданы
Кәсіпкерлер палатасының басшысы

Е.М. Әден

2022 ж

«Келісемін»

Қордай ауданы әкімінің
орынбасары

Ж.Т. Бакаев

2022 ж

«Келісемін»

Қордай ауданы жұмыспен
қамту орталығының басшысы

С.Б. Көпешов

2022 ж

«Бекітемін»

№7 Бетқайнар колледжі
директоры

Г.Е. Алимбаева

2022 ж

«№7 Бетқайнар колледжі»
2022-2027 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Бетқайнар 2022 жыл

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

1. Миссия және көзқарас

2. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

2.1 Сыртқы ортаны талдау

2.2 Ішкі ортаны талдау

2.3 Ұйымның күшті және әлсіз жақтарын талдау (SWOT)

3. Дамудың стратегиялық бағыттары: мақсаттары, міндеттері, күтілетін нәтижелер

4. Ұйымдастырушылық стратегиялық карта

5. Ұйым қызметінің негізгі көрсеткіштері

6. Стратегиялық бағыттар шеңберіндегі тәуекелдерді басқару жүйесі

Кіріспе

«№7 Бетқайнар колледжінің» стратегиялық даму жоспары «Талап» КЕАҚ-ның 03.02.2021 жылы бекітілген әдістемелік ұсыныстарға сәйкес жасалған.

Мақсаты:

- Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыру

-Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру

- білім беру мекемесінің студенттері мен түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру

«№7 Бетқайнар колледжі» КМҚК өңірдегі сұранысқа ие техникалық оқу орындарының бірі, ауыл шаруашылық саласы бойынша жетекші колледждердің бірі болып табылады, өзін қазіргі заманғы инновациялық, беделді оқу орны ретінде көрсетеді, қарқынды дамып келе жатқан жағдайда өмір сүре алатын білімді, шығармашыл, құзыретті тұлғаны дайындауға кепілдік береді.Қоршаған орта, қоғам мен мемлекет мүддесінде өзін-өзі іске асыруға дайын, еңбек нарығында сұранысқа ие, кәсіби қызметке, мансаптық өсуге және тұрақты сапалы өмірге дайын мамандарды даярлау.

Кәсіпорын құрылтайшысы: уәкілетті орган - Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы.

Жарты ғасырдан астам уақыт ішінде колледж ұжымы қалыптасқан дәстүрлерді сақтайды, шығармашылықпен айналысады, облыстың және ауданның қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсенді қатысады. Колледжде материалдық-техникалық базаны және оқыту технологияларын жаңарту бойынша іс-шаралар үнемі жүзеге асырылады.

Оқу ғимаратында 19 кабинет, шеберханалар, зертханалар, кітапхана, оқуға құштар колледж, оқу залы, жылыжай, оқу шаруашылығы, «Жастар аллеясы» алма бағы, қазақи нақышта безендірілген киіз үй, тігін шағын кәсіпорны, спорт зал және 100 орындық асхана бар. Колледж базасында 250 орындық жатақхана бар.

Колледждің толық атауы	Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№7 Бетқайнар колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Меншік түрі (мемлекеттік, мемлекеттік емес)	Мемлекеттік
Орналасқан жері	Жамбыл облысы Қордай ауданы Бетқайнар ауылы Көл көшесі №1
Құрылған уақыты	1974 жыл
Жобалық қуаттылық (колледж қанша студентке арналған)	1000
Колледж жарғысы	БСН 080240017673, 04.02.2019 жыл
Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	№ 61-1919-04-ГП 6 тамыз 2012 жыл
Мемлекеттік лицензия	№ 12013484 01.10.2012 жыл
Директор (аты-жөні толығымен, диплом бойынша білімі	Алимбаева Гульнара Едилбаевна, білімі жоғары, Жамбыл педагогикалық институты мамандығы: -физика және математика
Инженер-педагог қызметкерлер саны	59
Оның ішінде: Педагог-зерттеуші	2 (3%)
Педагог-сарапшы	6 (10%)
Педагог-модератор	23 (39 %)
-өндірістік оқыту шеберлер саны (саны, %)	23
Аумақ көлемі мен оқу және өндірістік ғимараттар тізімі	Жалпы алаңы -2004,9
Студенттер саны	734
Колледж сайты	wwwbetkaynar-colleqe.7kz
Е-mail	betkaynar-kolledj7@mail.ru
Байланыс телефоны	8/726-36/2-51-49

1.Миссия және көзқарас

Колледждің миссиясы: «Бәсекеге қабілетті, еңбек нарығының талаптарына сай, кәсіби құзыретті, жауапкершілігі жоғары мамандарды даярлау арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу»

Көзқарас:

Ауыл шаруашылығы саласына қажетті мамандарды даярлауда Республикадағы жетекші колледждердің қатарына ену.

Колледждің пайымдауы: Аймақ пен елдің индустриялық-инновациялық дамуына үлес қосатын, заманауи білім беру технологияларын енгізген, халықаралық ынтымақтастық орнатқан, беделді және сапалы білім беретін колледжге айналу

Стратегиялық мақсаты:

1. Білім сапасын арттыру – кәсіби және техникалық білім берудің жаңа стандарттарына сай оқу процесін жетілдіру.
2. Инновациялық инфрақұрылым құру – заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған оқу-өндірістік базаны дамыту.
3. Дуалды және тәжірибеге бағытталған оқыту жүйесін кеңейту.
4. Интернационалдандыру мен халықаралық серіктестікті дамыту.
5. Цифрлық трансформация мен автоматтандыруды енгізу.
6. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін арттыру және еңбек нарығымен тығыз байланыс орнату.

Міндеттері:

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес оқу бағдарламаларын жүзеге асыру;
- Оқу үдерісіне инновациялық және цифрлық технологияларды, жасанды интеллект элементтерін енгізу;
- Өндіріс орындарымен серіктестік орнатып, дуалды оқыту жүйесін жетілдіру;
- Материалдық-техникалық базаны жаңарту;
- WorldSkills стандарттарына сәйкес құзыреттілік орталықтарының жұмысын дамыту;
- Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру және үздіксіз дамуын қамтамасыз ету;
- Халықаралық және аймақтық деңгейде тәжірибе алмасу, академиялық ұтқырлықты кеңейту;

- Студенттердің кәсіби, тұлғалық және азаматтық құндылықтарын қалыптастыру

2. Ағымдағы жағдайды талдау және дамыту мәселелері

Колледждің стратегиялық даму жоспарын жасау барысында білім берудің дамыту үрдістері, сонымен бірге қалыптасқан дәстүр мен аймақтық ерекшеліктер ескерілді. Атап айтқанда, жоспарланған іс – шаралардың барлығы тұтасымен колледждің білім беру кеңестігіне енуіне, ТЖКБ ұйымдарының білім беру үрдісіне бағытталған. Колледжде осы мақсаттарға жету стратегиясы әзірленген.

Колледждің 2022-2027 жылдарға арналған стратегиялық жоспары заңнамалық құжаттарға, атап айтқанда, ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына негізделіп жасалған.

Оқу үрдісі еңбек нарығының талаптарына сәйкес жаңартылған білім беру бағдарламалары негізінде ұйымдастырылған. Колледждің материалдық-техникалық базасы «Жас маман» жобасы аясында едәуір жаңартылды: заманауи жабдықтармен жабдықталған құзыреттілік орталықтары ашылды, оқу-өндірістік шеберханалар мен зертханалар жаңартылды. Бұл студенттердің тәжірибелік дағдыларын нығайтуға мүмкіндік береді.

Интернационалдандыру және халықаралық серіктестік бағытында колледж Қытай және Қырғызстанның оқу орындарымен әріптестік орнатқан. Бұл бағыттағы жұмыс нәтижесінде бірлескен жобалар, академиялық ұтқырлық, тәжірибе алмасу бағдарламалары жүзеге асуда.

Сонымен қатар колледжде дуалды оқыту жүйесі, виртуалды тренажерлар, шағын оқу кәсіпорындары, WorldSkills стандарттары бойынша дайындық орталықтары енгізілген.

Алайда, қазіргі кезеңде бірқатар дамыту мәселелері де бар:

- кадрлардың біліктілігін үздіксіз арттыру қажеттілігі;
- жаңа цифрлық және жасанды интеллект технологияларын оқу процесіне кеңінен енгізу;

- студенттердің кәсіби бейімделуін күшейту;
- жұмыс берушілермен серіктестікті тереңдету.

Осы бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізу колледждің сапалы білім беру және еңбек нарығына бейімделген маман даярлау әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілген оқу үрдісі мен мемлекет саясаты шеңберінде әзірленген «Адал-Азамат» біртұтас тәрбие» жұмысы білім алушыларды:

- әділдікке, адалдыққа және жауапкершілікке баулиды;
- ұлттық құндылықтарды, рухани және мәдени мұраны құрметтеуге тәрбиелейді;
- азаматтық ұстанымы берік, елжанды, отансүйгіш тұлға қалыптастыруды көздейді;
- қоғамдық белсенділік пен еріктілік рухын дамытады;
- салауатты өмір салтын, өзін-өзі жетілдіру дағдыларын насихаттайды;
- заңға, қоғам тәртібіне және академиялық адалдық қағидаларына сай өмір сүруге бағыттайды;
- рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіріп, өзін және өзгені құрметтеуге тәрбиелейді.

Бұл бағыттағы тәрбие жұмысының түпкі мақсаты – адал, әділетті, жауапты және белсенді азамат қалыптастыру.

2.1.Сыртқы ортаны талдау

Сыртқы ортаны талдау – колледждің дамуына ықпал ететін сыртқы факторларды, әлеуметтік-экономикалық жағдайды, еңбек нарығы мен білім беру саясатының өзгерістерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

-Аймақта ауыл шаруашылығы саласы мамандарына сұраныс жоғары. Жұмыс берушілер кәсіби дағдылары қалыптасқан, жаңа технологияларды меңгерген, өндірістік мәдениеті жоғары мамандарды қажет етеді. Бұл колледждің оқу бағдарламаларын үнемі жаңартып, дуалды оқыту мен тәжірибелік бағытты күшейтуді талап етеді.

-Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі академиялық дербестікке, нәтижеге бағытталған оқытуға, цифрландыруға және халықаралық стандарттарға сәйкестікке бағытталған.
«Жас маман», «WorldSkills Kazakhstan», «Білімді ұлт» ұлттық жобалары колледж жұмысына жаңа мүмкіндіктер береді.

-Колледждің сыртқы байланыстары кеңеюде. Қытай және Қырғызстан оқу орындарымен орнатылған әріптестік шеңберінде оқытушылар мен студенттердің тәжірибе алмасуы, қысқа мерзімді курстар мен бірлескен жобалар іске асырылуда. Бұл бағыт колледждің интернационалдандыру әлеуетін арттырады.

-Еңбек нарығында жасанды интеллект, цифрлық өндіріс, автоматтандыру және роботтандыру салаларының дамуы колледждің материалдық-техникалық базасын үнемі жаңартып, цифрлық дағдыларды оқытуға көңіл бөлуді қажет етеді.

-Дамытуды қажет ететін бағыттар

- Өндірістік серіктестермен өзара іс-қимылды күшейту;
- Цифрлық және инновациялық құралдарды кеңінен енгізу;
- Халықаралық ынтымақтастық жобаларының санын арттыру;
- Еңбек нарығының талаптарына сәйкес мамандықтар спектрін кеңейту;
- Түлектердің жұмысқа орналасу мониторингін жетілдіру.

Қорытынды:

Сыртқы ортаны талдау нәтижелері көрсеткендей, №7 Бетқайнар колледжі өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму үрдісіне сай әрекет етуде. Колледж алдында тұрған басты міндет – сыртқы ортадағы өзгерістерге икемделіп, білім сапасын арттыру, инновациялық оқыту тәсілдерін енгізу және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті маман даярлау.

2.2. Ішкі ортаны талдау

Колледжінде оқу-әдістемелік жұмысты басқару жүйесі оқу процесінің сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби шеберлігін дамытуға және білім беру нәтижелерін жетілдіруге бағытталған. Басқару құрылымы педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, циклдік әдістемелік бірлестіктер, индустриалдық және қамқоршылық кеңестердің үйлесімді қызметі арқылы жүзеге асырылады.

- педагогикалық кеңесте нормативтік құжаттарды, стратегиялық жоспарды талқылау бойынша өзекті мәселелер және оқу жылындағы семестрдегі оқу жұмысының нәтижелері, кәсіптік бағдар, жаңа оқу жылының мақсаттары мен міндеттері қарастырылады; әдістемелік бірлестік жоспарлары бекітіледі; түлектерді жұмысқа орналастыруды қарастырады

- әдістемелік кеңесте циклдік әдістемелік комиссиялардың қызметін үйлестіру, мұғалімдер қызметінің нәтижелерін талдау, оқытушылар құрамының кәсіби шеберлік деңгейін көтеру, біліктілігін арттыру, біліктілік санаттарын көтеру мәселелері талқыланады;

- Колледжде әлеуметтік серіктестік пен қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін индустриалдық және қамқоршылық кеңестер жұмыс істейді. Кеңестер құрамына әлеуметтік серіктестердің, жұмыс берушілердің, ата-аналар комитетінің және қоғам өкілдерінің мүшелері кіреді. Индустриалдық және қамқоршылық кеңестердің белсенділігі – колледждің ішкі басқару жүйесінің тиімділігін арттырып, серіктестік әлеуетін күшейтеді. Бұл құрылымдар колледждің ашықтығын, стратегиялық шешімдердің сапасын және қоғаммен байланысын қамтамасыз ететін маңызды тетік болып табылады. Кеңес отырыстары бекітілген жылдық жоспарға сәйкес өткізіледі, онда түлектерді жұмысқа орналастыру, әлеуметтік көмек көрсету және студенттердің қауіпсіздігі, материалдық-техникалық базаны дамыту мәселелері көтеріледі;

Колледждің ішкі нормативтік құжаттары:

колледж жарғысы, жол картасы, оқу жұмысының жылдық жоспары, бес жылға арналған стратегиялық даму жоспары, колледждің тәрбие жұмысының кестесі, педагогикалық және әдістемелік, қамқоршылар кеңесінің, директор жанындағы

кеңесінің, әдістемелік кеңес жоспарлары мен хаттамалары, студенттерге арналған үйірмелер, секциялар, кәсіптік бағдар беру жұмысының жоспары;

Колледжде 4 әдістемелік бірлестік жұмыс істейді. Әдістемелік бірлестік жетекшісінің жұмысын директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары және әдіскер ұйымдастырады. Әдістемелік бірлестік жетекшілері оқу жылына қойылған мақсат-міндеттерді орындау үшін оқытушылардың шеберлігін арттыру және шығармашылық жұмыстарын жүргізеді.

Оқу жылының басындағы әдістемелік бірлестіктің бірінші отырысында оқу жұмыс бағдарламалары бекітіледі. Оқу жылы ішінде мұғалімдерге арналған жеке жұмыс жоспарларының орындалуы талқыланады, мұғалімдерді аттестаттауға арналған материалдар барысы, оқу үлгерімі мен студенттердің білім сапасы мәселелері, мұғалімдердің жұмысына мониторинг, аралық және қорытынды есептерге арналған емтихан тапсырмаларын дайындау бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Академиялық дербестік аясында колледж өз оқу бағдарламаларын бейімдеп, жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес жаңартып отырады.

Колледжде тәжірибелі, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор санатты педагогтер еңбек етеді.

Олардың көпшілігі WorldSkills стандарттарына сәйкес кәсіби шеберлігін арттырып, заманауи оқыту технологияларын меңгерген.

Дегенмен, жас кадрларды тарту, цифрлық құзыреттілікті жетілдіру және халықаралық тәжірибе алмасу бағытында әлеуетті арттыру қажет.

Оқу процесі құзыреттілікке негізделген тәсілмен, нәтижеге бағытталған оқыту жүйесімен жүзеге асады.

Дуалды оқыту, өндірістік тәжірибе, жобалық әдіс кеңінен қолданылады.

Колледж оқу бағдарламасы еңбек нарығының сұранысына сай бейімдеп, жаңа модульдік бағдарламаларды енгізіп отыр.

Білім алушылардың қоғамдық белсенділігі артқан, өзін-өзі басқару кеңесі, дебат клубы және волонтерлік топтар жұмыс істейді.

Колледждегі студенттер келесі мамандықтар бойынша білім алуда :

	Мамандығы	Біліктілігі
1	07161600 «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»	3W07161602 «Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шебері» 3W07161603 «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі»
2	07150500 «Дәнекерлеу ісі» (түрлері бойынша)	3W07150501 «Электр газымен дәнекерлеуші» 4S07150502 «Техник-механик»
3	07230100 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»	3W07230101 Тігінші 3W07230102 Арнайы тігінші 4S07230107 «Техник-технолог»
4	06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»	3W06130101 - Бағдарламалық кешен операторы 3W06130102 - Web-дизайнер 4S06130105 -Ақпараттық жүйелер технигі

Жыл сайын жергілікті және республикалық бюджет есебінен техникалық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырыстарының саны ұлғаюда. Қызмет ету жылдары аралығында колледж 40 000 мыңнан астам жұмысшы мен мамандар даярлады.

Колледжге білім алушыларды қабылдау «Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі» негізінде жүзеге асырылады.

Дуальды оқыту кәсіби білім алумен қатар облыс кәсіпорындарында жұмысқа орналасу мүмкіндігін береді.

Колледж оқытушыларының сапалық құрамы жыл сайын артып отыр. Жыл сайын арнайы және жалпы білім беретін пәндер оқытушыларының саны артуда. Оқытушылардың базалық білімі оқытылатын пәндерге сәйкес келеді. Жалпы колледждің кадрлық әлеуетін талдау оқытушылар құрамының біліктілігі орта деңгейдегі мамандарды даярлау сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады.

Колледждің материалдық-техникалық базасы техникалық және кәсіптік мамандарды даярлау талаптарына сәйкес келеді және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен қарастырылған оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді. Аудиторияларды қазіргі заманғы жабдықтармен жабдықтау жолымен инновациялық технологиялар негізінде материалдық-техникалық базаны жаңарту мен кеңейтуді жалғастыру көзделген.

Оқу процесіне оқытудың ақпараттық технологияларын енгізуге, оның ішінде мультимедиялық оқыту бағдарламалары мен Ғаламторда орналасқан ақпараттық ресурстарды пайдалануға, электрондық оқулықтар жасауға ерекше назар аударылады. Колледжде электрондық пошта және ғаламдық INTERNET желісі арқылы ақпараттық базаларға қолжетімділік қамтамасыз етілген. Кітапханада жаһандық желіге қосылған компьютерлер бар.

Колледж кітапханасы кітапхана қорын қалыптастыруға қойылатын талаптарға сай, кітапхананың кітап қоры 13 202 дананы құрайды.

Колледж студенттерімен тәрбие жұмысының басты міндеті олардың белсенді өмір сүруіне, азаматтық өзін-өзі анықтауына және өзін-өзі көрсетуге жағдай жасау, интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік даму қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру болып табылады

Студенттердің оқу жағдайларына тиімді бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында колледжде топ жетекшілердің кеңесі, студенттердің өзін-өзі басқару кеңесі, құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесі, саналы ұрпақ клубы, жас сарбаз клубы, еріктілер қозғалысы, дебат клубы, қыздар және ұлдар кеңесі бар. Жастар ісі жөніндегі ұйымдастырушы-педагог колледжде өткізілетін мерекелік кештерді, іс-шараларды ұйымдастырады. Топ жетекшілерінің негізгі жұмыс түрлері: тәрбие сағаттары, экскурсиялар, студенттермен жеке жұмыс.

Жастардың азаматтық жауапкершілігі мен патриотизмі — Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуының маңызды шарттарының бірі. Патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында колледж студенттерімен түрлі іс-шаралар өткізіледі. Студенттер жыл сайынғы облыстық және аудандық «КВН» байқауларына, пікір сайыстарға белсене қатысады. Колледжде атаулы мерекелер: «Күзгі бал», Мұғалімдер күніне, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне, 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне, Наурыз — «Армысың, Өз Наурыз», Отан қорғаушылар күніне арналған іс-шаралар өткізіледі.

Жеңіс күні мерекесіне орай ҰОС ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылады. Студенттердің жастар ұйымдарының қызметіне, әлеуметтік маңызы бар жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу пайызы жоғары. Колледж студенттерінің түрлі іс-шараларды ұйымдастырудағы және өткізудегі белсенділігі байқалады. Жалпы, колледж ұжымы өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін барлығын жасайды – тез дамып келе жатқан қоғам мен елдің қажеттіліктеріне сәйкес сапалы

білім беруді қамтамасыз етеді. Колледж басшылығы алдыңғы даму кезеңдерінің негізгі нәтижелеріне талдау жасады және осының негізінде колледж дамуының жалпы стратегиялық мақсаттары мен нақты бағыттарын, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективаға арналған міндеттерді айқындайтын ішкі және сыртқы факторлар анықталды. Колледждің даму стратегиясын әзірлеу өнеркәсіптің дамуымен тығыз байланысты және мемлекеттік білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттерін орындауға бағытталған. Дамудың басымдылығы барлық үдерістерді ұйымдастыру сапасы болып табылады: мамандарды даярлау деңгейін арттыру, кадрларды қайта даярлау және арттыру, орта мамандарды білікті даярлау, ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, ұжым мүшелерінің еңбегін тиімді ұйымдастыру, колледждің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Кәсіптік білім беру жүйесін оқу-өндірістік және еңбек нарығының талаптарына сәйкес жаңарту мақсатында ұйымдастырылған семинарда көрші қырғыз ағайындарымен тәжірибе алмастық. Қырғыз Республикасының білім және ғылым министрлігі жанындағы бастапқы кәсіптік білім агенттігінің өкілі мен қатар сол елдегі бірнеше колледж директорлары келіп озық тәжірибелерімен бөлісті. Семинар барысында Жамбыл облысының білім басқармасы мен Қырғыз

елі арасында кәсіби техникалық білім беру бағытында бірлесе жұмыс істеу негізінде меморандумға қол қойылды. Осы меморандум негізінде 2019 жылы колледж базасында «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша кәсіби шеберлік чемпионатын өткіздік.

2020 жылы колледж Аккредиттеудің Тәуелсіз Қазақстандық Орталығынан институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

"№7 Бетқайнар колледжінің " маман даярлаудағы мақсаты - еңбек нарығында, кәсіби қызметке, мансаптық өсуге және тұрақты сапалы өмірге дайын мамандарды даярлау.

Колледжде келесі мамандықтар бойынша білім береді:

1. 07161600 «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»
2. 07150500 «Дәнекерлеу ісі»
3. 07230100 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»

4. 06030100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету»

Колледжде оқу бюджеттік негізде, сондай-ақ күндізгі түрде жүзеге асырылады. Оқыту мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі. №7 Бетқайнар колледжінде оқу және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру үшін барлық жағдайлар жасалған:

- Жатақхана (100 орындық)
- Асхана (100 орындық)
- Оқу бөлмелері,
- Спорт зал және спорттық алаң
- Кітапхана, оқу залы
- Оқуға құштар колледж
- Лимон өсірілген жылы жай
- Колледждің учаскесінде жеміс ағаштары алма, алмұрт өсірілген саябақ
- Оқу шаруашылығы
- Оқу полигоны
- Зертханалар
- Шеберханалар
- Техникаларды сақтайтын ангар
- Тігін кәсіпорны

Колледжіміз «Білім беру ұйымдары қызметтерінің тиімділігін бағалау» рейтингісінің нәтижесінде ең жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, «Ең үздік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы» номинациясын иеленіп, 1 миллион теңгелік сертификатқа ие болды.

Педагогтер мен студенттердің жетістіктері бірнеше халықаралық, республикалық және облыстық байқаулар мен чемпионаттарда көрініс тапты. Педагогтер көптеген марапаттарға ие болып, студенттер «WorldSkills» байқауларында үздік нәтижелер көрсетіп, медальдармен марапатталды.

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу саласындағы шығармашылық шеберлігі мен кәсіби жетістіктері үшін облыстық “Үздік педагог-2024” облыстық байқауында орыс тілі және әдебиеті пәні оқытушысы Лукьянова Светлана Николаевна - “Креативті педагог”, арнайы пән оқытушысы Абдулмаксут Айнур “Ізденімпаз педагог” номинациялы білім басқармасының дипломымен марапатталды.

2023-2024 HP Idea HP Innovation and Digital Education Academy HP IDEA Fellowship program халықаралық біліктілік арттыру курсына қатысты Алимбаева Г.Е., Исмагамбетова Н.Ж., Саров М.К., Картамбаев Д.К., Жуманова А.Д., Абдулмаксут А., Нурбекова Г.А., Фатулаев Ш.О.

2.1. Ұйымның күшті және әлсіз жақтарын талдау (SWOT)

3. S (күш) - күшті жақтар (әлеуетті оң ішкі факторлар)	W (әлсіздік) - әлсіздіктер (теріс ішкі факторлар)
- №7 Бетқайнар колледжі осы аймақтағы кәсіптік білім беру қызметін жүзеге асыратын оқу орны - модульдік, кредиттік-модульдік, қашықтықтан оқыту. - колледж қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде тарату - өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушыларының біліктілігін үнемі арттыру - World Skills чемпионаттарына тұрақты қатысу. - сайттың, әлеуметтік желілердің объективті және жүйелі жұмысы. - Дуалды оқыту жүйесі және жұмыс берушілермен тұрақты серіктестік; - Халықаралық серіктестік (Қытай, Қырғызстан) және интернационалдандыру бағытының дамуы; - Студенттердің белсенді қоғамдық, волонтерлік және кәсіби қызметі;	-оқытушылар мен колледж студенттерінің ағылшын тілін жетік білмеуі - Цифрлық және жасанды интеллект технологияларын оқу процесіне енгізу деңгейі жеткіліксіз; - Кейбір жас мамандардың тәжірибесінің аздығы, педагогикалық құрамның жасару қажеттілігі;
O (мүмкіндік) - қолайлы мүмкіндіктер (әлеуетті оң сыртқы факторлар)	T (қатер) - қауіптер (жағымсыз сыртқы факторлар)
- халықаралық білім беру ұйымдарымен байланыс орнату арқылы колледждің білім беру ортасын кеңейту	- өндірістік оқыту шеберлерінің тағылымдамадан өтетін кәсіпорындардың тапшылығы

- Цифрлық және жасанды интеллект технологияларын оқу процесіне енгізу деңгейі жеткіліксіз; - заманауи АКТ құралдарын қолдану арқылы студенттердің білім алу мүмкіндіктерін кеңейту. - кітапхана қорын электронды есепке алу	- зертханалық базаларға күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етуі
---	--

3.Дамудың стратегиялық бағыттары: мақсаттары, міндеттері

№7 Бетқайнар колледжінің стратегиялық дамуы Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік саясатына, «Білімді ұлт» ұлттық жобасына және өңірлік еңбек нарығының сұраныстарына негізделеді. Колледждің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, заманауи технологияларды меңгерген, кәсіби және адамгершілік тұрғыдан кемел маман даярлау.

1-стратегиялық бағыт: Білім сапасын арттыру және оқу процесін жаңғырту

Мақсат: Оқу процесін нәтижеге бағыттау арқылы білім беру сапасын арттыру және заманауи құзыретті маман даярлау.
Міндеттері:

- Оқу бағдарламаларын еңбек нарығы талаптарына сәйкестендіру;
- Дуалды оқыту жүйесін жетілдіру және өндірістік тәжірибені кеңейту;
- Оқытуда құзыреттілікке және практикалық бағытқа басымдық беру;
- Цифрлық және жасанды интеллект технологияларын оқу процесіне енгізу;
- Білім алушылардың оқу жетістіктерін әділ бағалау жүйесін жетілдіру.

2-стратегиялық бағыт: Кадрлық әлеуетті дамыту

Мақсат: Педагог кадрлардың кәсіби және әдістемелік шеберлігін арттыру, үздіксіз даму ортасын қалыптастыру.
Міндеттері:

- Оқытушылардың біліктілігін арттыру және халықаралық тәжірибе алмасуға қатысуын қамтамасыз ету;
- Жас педагогтер мектебін дамыту, тәлімгерлік жүйесін енгізу;

- Өдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестер жұмысының тиімділігін арттыру;
- Оқытушылардың цифрлық, тілдік және зерттеу құзыреттіліктерін дамыту.

3-стратегиялық бағыт: Материалдық-техникалық базаны жетілдіру және цифрландыру

Мақсат: Заманауи оқу ортасын қалыптастыру және білім беру процесін цифрлық форматқа бейімдеу.

Міндеттері:

- Заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған оқу зертханалары мен шеберханаларды кеңейту;
- Smart-Class, AI кабинеттерін, виртуалды тренажерларды тиімді пайдалану;
- Оқу процесін автоматтандыру және цифрлық білім беру платформаларын енгізу;
- Ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық мәдениетті дамыту.

4-стратегиялық бағыт: Интернационалдандыру және серіктестік

Мақсат: Халықаралық және өңірлік серіктестікті нығайту арқылы колледждің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Міндеттері:

- Қытай және Қырғызстан оқу орындарымен бірлескен жобаларды кеңейту;
- Шетелдік серіктестермен тәжірибе алмасу және академиялық ұтқырлық бағдарламаларын жүзеге асыру;
- WorldSkills стандарттарын оқу процесіне енгізу;
- Өлеуметтік серіктестермен ынтымақтастықты тереңдету және индустриалдық кеңес жұмысын жетілдіру.

5-стратегиялық бағыт: Тәрбие және азаматтық-патриоттық жұмыс

Мақсат: Рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген, адал және белсенді азамат тәрбиелеу.

Міндеттері:

- «Адал азамат – біртұтас тәрбие» тұжырымдамасы аясында кешенді тәрбие жүйесін іске асыру;
- Волонтерлік қозғалысты, өзін-өзі басқаруды және жастар бастамаларын қолдау;
- Ұлттық мәдениет пен дәстүрді насихаттау, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Азаматтық ұстанымы мен әлеуметтік жауапкершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу.

6-стратегиялық бағыт: Басқару тиімділігін арттыру және сапа менеджменті

Мақсат: Колледждің ішкі басқару және сапа менеджменті жүйесін жетілдіру.

Міндеттері:

- Басқару процестерін цифрландыру және ашықтықты қамтамасыз ету;
- Индустриалдық және қамқоршылық кеңестердің жұмысын жүйелеу;
- Ішкі мониторинг және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру;
- Колледждің даму көрсеткіштерін талдау және стратегиялық шешімдер қабылдауда деректерге негізделген тәсілді қолдану.

Бұл стратегиялық бағыттар №7 Бетқайнар колледжінің 2025–2030 жылдарға арналған даму бағытын айқындайды. Негізгі басымдық — сапалы білім, заманауи технологиялар және адам капиталының дамуы. Осы бағыттарды жүзеге асыру колледждің аймақтағы беделін арттырып, бәсекеге қабілетті техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы ретінде орнығуына мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтиже

Колледждің стратегиялық даму бағыттарын іске асыру нәтижесінде 2022–2027 жылдары төмендегідей нақты нәтижелерге қол жеткізу көзделеді:

- 1 Білім беру бағдарламалары еңбек нарығы талаптарына 90–100% сәйкестендірілген;
- 2 Дуалды оқыту жүйесіне қатысатын кәсіпорындар саны 2 есеге артады;
- 3 Бітірушілердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 85%-дан жоғары деңгейге жетеді;
- 4 Оқу үрдісіне енгізілген цифрлық және AI-технологиялар саны артады;
- 5 WorldSkills стандарттары негізінде кәсіби құзыреттіліктердің кемінде 5 бағыты енгізіледі.

- Педагогтердің 100%-ы біліктілігін арттыру және әдістемелік шеберлігін жетілдіру курстарынан өтеді;
 - Халықаралық тағылымдамадан өткен оқытушылар үлесі 20%-ға жетеді;
 - «Жас педагогтер мектебі» және тәлімгерлік жүйесі тұрақты түрде жұмыс істейді;
 - Әдістемелік өнімдердің (оқу құралдары, цифрлық ресурстар, авторлық бағдарламалар) саны жыл сайын өсіп отырады.
-
- Барлық оқу кабинеттері мен шеберханалар заманауи құралдармен толық жабдықталады;
 - Smart-Class, AI кабинеті, виртуалды тренажерлар толыққанды жұмыс істейді;
 - Электрондық құжат айналымы және білім беру платформалары толық енгізіледі;
 - Колледждің оқу және әкімшілік қызметінің 70%-ы цифрлық форматқа көшеді.
-
- Халықаралық серіктестер саны кемінде 3 елмен кеңейеді (Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан және т.б.);
 - Бірлескен оқу бағдарламалары мен тағылымдамалар жыл сайын жүзеге асырылады;
 - WorldSkills және аймақтық кәсіби шеберлік чемпионаттарында колледж студенттері жүлделі орындар алады;
 - Индустриалдық және қамқоршылық кеңестер колледждің стратегиялық шешімдеріне белсенді қатысады
-
- «Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламасы тұрақты түрде іске асады;
 - Колледж студенттерінің 70%-дан астамы волонтерлік және қоғамдық жобаларға қатысады;
 - Ұлттық және рухани құндылықтарды дәріптейтін жыл сайынғы 10-нан астам іс-шара өткізіледі;
 - Түлектердің әлеуметтік белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігі артады.
-
- Сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) енгізіліп, тиімділігі жыл сайын талданады;
 - Басқару процестері мен есептілік толық цифрландырылған форматқа көшеді;
 - Ішкі және сыртқы мониторинг нәтижелері негізінде жоспарлы жетілдіру жүйесі жұмыс істейді;
 - Колледждің беделі мен тартымдылығы артып, студенттер контингенті тұрақты өседі.

Стратегиялық даму жоспарын іске асыруда:

2022-2027 жылдар:

Стратегиялық даму жоспарын іске асыруда №7 Бетқайнар колледжі ұжымы оқу орнының миссиясы мен даму басымдықтарына сүйене отырып, білім сапасын арттыру, материалдық-техникалық базаны нығайту, кадрлық әлеуетті жетілдіру және халықаралық серіктестікті кеңейту бағыттарында кешенді шараларды жүзеге асырады. Іске асыру процесі жоспарлы, кезең-кезеңімен және нәтижеге бағытталған сипатқа ие болады.

4. Ұйымның стратегиялық картасы.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бірінші деңгейінің құжаты (бұдан әрі - МЖЖ)	екінші деңгейлі құжат	үшінші деңгейлі құжат	Стратегиялық жоспарда қарастырылған ТЖКБ ұйымының қызметінің негізгі көрсеткіштері (бұдан әрі - ҚНК)
Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы: Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуы тиіс. Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерін ашады. 2050 жылы	2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білімі мен ғылымын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы	2018-2022 жылдарға арналған Жамбыл облысында техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарын дамытудың жол картасы	ҚНК 1 «Білім беру мекемесінің дамыған инфрақұрылымы» ҚНК1.1. Оқу орнының шеберханалары мен зертханаларын жабдықтау және қайта жабдықтау ҚНК 1.2 Электрондық оқыту жүйесін қолдану ҚНК 1.3 Мемлекеттік тілдегі оқулықтармен, оқу-

Қазақстандықтар үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы. 2050 жылғы Қазақстан жалпыға ортақ еңбек қоғамы 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары			әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету
Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары	2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білімі мен ғылымын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы	2018-2022 жылдарға арналған Жамбыл облысында техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарын дамытудың жол картасы	ҚНҚ 2 «Жоғары білікті оқытушылар тобы және өндірістік оқыту шебері» ҚНҚ 2.1 Басқару құрамына арналған бағдарлама бойынша білім беру ұйымының басқарушы құрамының (менеджерлерінің) біліктілігін арттыру ҚНҚ 2.2 Арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыру ҚНҚ 2.3 Мұғалімдердің жалпы санынан жоғары

			және бірінші санаты бар жоғары білікті оқытушылар құрамының үлесі
Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары	2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білімі мен ғылымын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы	2018-2022 жылдарға арналған Жамбыл облысында техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарын дамытудың жол картасы	ҚНҚ 3«Халықаралық стандарттарға сәйкес жаңа білім беру бағдарламаларында (БЖ) оқыған білікті мамандар» ҚНҚ 3.1 Олар бойынша WSK құзыреттіліктерін іске асыруға арналған мамандықтарды тандау Тиімділік ҚНҚ 3.2 Пәндер мен модульдердің оқу-әдістемелік кешенін құру және мазмұнын қайта құру -ҚНҚ 3.3 Колледждің оқу үдерісінде жаңартылған оқу-әдістемелік кешенін және ББ қолдану

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары	2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білімі мен ғылымын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы	2018-2022 жылдарға арналған Жамбыл облысында техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарын дамытудың жол картасы	ҚНҚ 4 әлеуметтік серіктестермен белсенді байланыс ҚНҚ 4.1 басым әлеуметтік серіктестермен өзара ынтымақтастық туралы келісімшарттар жасасу ҚНҚ 4.2 ОЖБ-н дамытуға басым әлеуметтік серіктестерді тарту ҚНҚ 4.3 Кәсіпорындар базасында арнайы пәндер оқытушыларын ұйымдастыру және оқыту
Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары	2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білімі мен ғылымын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы	2018-2022 жылдарға арналған Жамбыл облысында техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарын дамытудың жол картасы	ҚНҚ 5 «Колледждің аймақтағы жоғары беделі» ҚНҚ 5.1 Кәсіби шеберліктің аймақтық конкурстарын ұйымдастыруға және өткізуге көмек ҚНҚ 5.2 WorldSkills Kazakhstan ұлттық чемпионаттарына қатысуға

			студенттерді іріктеу және дайындау
			ҚНҚ 5.3 Халықаралық аккредиттеу рәсімінен өту

4 Қызметтік негізгі көрсеткіштер

ҚНҚ (негізгі көрсеткіштер)	Өлшем бірлігі	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2026-2027
	2	3	4	5	6	7
1.1 Оқу орнының шеберханалары мен зертханаларын жабдықтау және қайта жабдықтау :	Оқу орнының жабдықталған және түрлендірілген шеберханалары мен зертханаларының саны: -«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығына 4 тігін шеберханасының ашылуы	1	4	3	1	1
1.2 Электрондық оқытуды қолдану	Электрондық оқыту жүйесін пайдалану пайызы	4%	13%	55%	80%	90%

1.3 Мемлекеттік тілдегі оқулықтармен, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету	Жалпы кітапхана қорындағы мемлекеттік тілдегі оқулықтардың, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер үлесі%:	«оқуға құштар мектеп» кабинетін ашу	35%	35%	35%	35%
2.1 Басқару құрамына арналған бағдарлама бойынша білім беру ұйымының басқарушы құрамының (менеджерлерінің) біліктілігін арттыру	Басшылардың біліктілігін арттыру курсы аяқтаған басшы қызметкерлердің колледждің ИПҚ жалпы санына үлесі	12%	20%	25%	35%	50%
2.2 Арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыру	Мұғалімдердің жалпы санының өзектендірілген бағдарламалары бойынша оқытылған мұғалімдердің пайызы	20%	30%	40 %	50%	60%
2.3 Мұғалімдердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаты бар жоғары білікті мұғалімдердің үлесі	Мұғалімдердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаты бар жоғары білікті оқытушылар құрамының пайызы	58%	63%	70%	72%	75 %

3.1 World Skills құзыреттіліктері бойынша мамандықтарды таңдау	Таңдалған мамандықтардың пайызы: - «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» - «Дәнекерлеу ісі» - «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»	40 %	60 %	80 %	100%	100 %
3.2 Пәндер мен модульдердің оқу-әдістемелік кешенін құру және мазмұнын қайта құру	Әрбір таңдалған білім беру бағдарламасы үшін пәндер мен модульдердің оқу-әдістемелік кешенін құру және қайта қарау мазмұны пайызы	80%	100%	100%	100%	100%
3.3 Колледждің оқу үдерісінде жаңартылған оқу-әдістемелік кешенін және ББ қолдану	Жаңартылған оқу-әдістемелік кешенін және ББ колледждің оқу үрдісінде әр таңдалған ББ үшін қолдану пайызы	100%	100%	100%	100%	100%
4.1 басым әлеуметтік серіктестермен өзара ынтымақтастық туралы келісімшарттар жасасу	Басымдық әлеуметтік серіктестермен өзара ынтымақтастық туралы жасалған келісімдер саны: - жыл сайын колледж түлектерін 10 % жұмысқа орналастыру	ЖШС «Шенси»	ШҚ «Береке	ЖШС «Аленси я»	ЖШС «Камшат»	ЖШС «Камшат»

4.2 ОБЖ-н дамытуға басым әлеуметтік серіктестерді тарту	Жаңа ОБЖ-әзірлеуге қатысатын басым әлеуметтік серіктестер саны	ШЛҚ «Султан Бейбарс»	ШЛҚ «Сабыр»	ШЛҚ «Арман»	ШЛҚ «Лосиев»	ШЛҚ «Береке»
4.3 Кәсіпорындар базасында арнайы пәндер оқытушыларын ұйымдастыру және оқыту	Кәсіпорындар базасында тағылымдамадан өткен арнайы пән оқытушыларының үлесі	ШЛҚ «Султан Бейбарс» 3	ШЛҚ «Арман» 5	ЖШС «Аленсия» 5	ЖШС «Аленсия» 4	ЖШС «Шенсия» 5
5.1 WorldSkills Kazakhstan ұлттық чемпионаттарына қатысуға студенттерді іріктеу және дайындау	WorldSkills Kazakhstan ұлттық чемпионаттарына қатысуға іріктелген және дайындалған студенттер саны; - «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» - «Дәнекерлеу ісі»	3 студент	3 студент	3 студент	3 студент	3 студент

	- «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»					
5.2 Халық аралық аккредиттеу рәсімінен өту	Ұлттық институционалды аккредиттеу процедурасынан өту пайызы: -институционалдык -мамандандырылған	Аттестац иядан өту				
6.1 «Жас маман» жобасы бойынша атқарылатын іс-шаралар	- «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» - «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»	Жоба бойынша алынған құралдарды пайдаланып колледжте пайда келтіру	Жоба бойынша алынған құралдарды пайдаланып колледжге пайда келтіру	Жоба бойынша алынған құралдарды пайдаланып колледжге пайда келтіру	Жоба бойынша алынған құралдарды пайдаланып колледжте пайда келтіру	Жоба бойынша алынған құралдарды пайдаланып колледжте пайда келтіру
6.2 Жыл сайын колледжде ағымдық жөндеу жұмыстарын жүргізу				Жылыжай тұрғызу	Оқу кабинеттерін талапқа сай жаңарту	Акт залына күрделі жөндеу жұмысын жүргізу

6.3 Колледждің оқу шаруашылығында атқарылатын жұмыстар		Колледж аумағында қоршауларды жаңарту, мини футбол алаңын қоршап жаңарту, «Студент өнімі» сату орталығын ашу, Сырттағы шеберханаларға жылыту жүйесін	Электр жүйесін жүргізу, егістік жерлердің көлемін ұлғайту	егістік жерлердің көлемін ұлғайту	егістік жерлердің көлемін ұлғайту	егістік жерлердің көлемін ұлғайту
---	--	---	--	--	--	--

		жүргізу су құбырын шығару				
--	--	------------------------------------	--	--	--	--

6. Стратегиялық бағыттар шеңберіндегі тәуекелдерді басқару жүйесі

.№ п/п	Мүмкін болатын қауіптер	Тәуекелдің сипаттамасы және олардың салдары	Тәуекелдің алдын алу шаралары	Тәуекел туындаған кезде компанияның жауабы
«Білім беру мекемесінің дамыған инфрақұрылымы» стратегиялық бағытына жете алмау қаупі				
1	Жабдықтарды жеткізу уақытының бұзылуы шығындардың артуына, шекараның жабылуына, карантиндік шараларға байланысты.	Іске асыру кестесінің артта қалуы	Жеткізушілермен және бағдарлама операторымен келіссөздер жүргізу	
«Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің жоғары білікті командасы» стратегиялық бағытына жете алмау қаупі				

2	Кадрлардың ауысуы	Білім беру бағдарламасы бойынша контингенттің болмауына байланысты, кету	кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жандандыру	Оқу орындарында толық жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушыларын қайта даярлау
3	Жаңа құрал жабдықтармен жұмыс істейтін мамандардың жоқтығы	Жаңа техникамен жұмыс жасайтын мамандардың жетіспеушілігі	Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің өндірістік практикасын өткізу	Оқу орнында оқыту семинарларын өткізу
жетпеу қаупі «Халықаралық стандарттарға сәйкес жаңа білім беру бағдарламаларында (ББ) оқыған білікті мамандар» стратегиялық бағыты				
4	Халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кестесін сақтамау	Оқу үдерісіне жаңа білім беру бағдарламаларын уақтылы енгізбеу	Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізу	БӨ дамыту бойынша жұмыс тобына арналған әзірлеушілермен және кеңес берушілермен семинарлар, вебинарлар, конференциялар ұйымдастыру
«Әлеуметтік серіктестермен белсенді өзара іс-қимыл» стратегиялық бағытына жете алмау қаупі				

5	Әлеуметтік серіктестердің өндіріске және қамқоршылар кеңесіне қатысуға құлықсыздығы	Кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттерін орындамауы	Әлеуметтік серіктестермен екі жаққа тиімді келісім-шарттар жасасу	Әлеуметтік серіктестермен колледж базасында әртүрлі кездесулер өткізіп, алда тұрған міндеттерді талқылау
«Колледждің аймақтағы жоғары беделі» стратегиялық бағытына қол жеткізбеу қаупі				
6	Халықаралық аккредиттеуден өтпеген, халықаралық салалық қауымдастықтардың колледжді мойындамауы	Қосымша қаржылық шығындардың пайда болуы	Жол картасын іске асыру шеңберінде халықаралық аккредиттеуге дайындық бойынша жұмыс топтарын құру. Жас маман жобасы бойынша алынған құрал-жабдықтарды тиімді пайдалана отырып табыс көзіне айналдыру	Аккредиттеу агенттіктерімен жұмыс тобымен семинарлар, вебинарлар, конференциялар ұйымдастыру

«Келісемін»
Жамбыл облысы Қордай ауданы
Кәсіпкерлер палатасының басшысы
_____Е.М. Әден
«___»_____ 2022 ж

«Келісемін»
Қордай ауданы әкімінің
орынбасары
_____Ж.Т. Бакаев
«___»_____ 2022 ж

«Келісемін»
Қордай ауданы жұмыспен
қамту орталығының басшысы
_____С.Б.Көпешов
«___»_____ 2022 ж

«Бекітемін»
№7 Бетқайнар колледжі
директоры
_____Г.Е. Алимбаева
«___»_____ 2022 ж

**№7 Бетқайнар колледжінің
2022-2027 жылдарға арналған
стратегиялық жоспары**

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының
«№7 Бетқайнар колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

«Келісемін»

Жамбыл облысы Қордай ауданы
Кәсіпкерлер палатасының басшысы

_____ Е.М. Әден

«___» _____ 2022 ж

«Келісемін»

Қордай ауданы әкімінің
орынбасары

_____ Ж.Т. Бакаев

«___» _____ 2022 ж

«Келісемін»

Қордай ауданы жұмыспен
қамту орталығының басшысы

_____ С.Б.Көпешов

«___» _____ 2022 ж

«Бекітемін»

№7 Бетқайнар колледжі
директоры

_____ Г.Е. Алимбаева

«___» _____ 2022 ж

**«№7 Бетқайнар колледжі»
2022-2027 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

Бетқайнар 2022 жыл

Управления образования акимата Жамбылской области
Беткайнарский колледж №7
коммунальное государственное казенное предприятие

«Согласовано»

Жамбыл облысы Қордай ауданы
Кәсіпкерлер палатасының басшысы
_____Е.М. Әден
«__»_____ 2022 ж

«Согласован»

Қордай ауданы әкімінің
орынбасары
_____Ж.Т. Бакаев
«__»_____ 2022 ж

«Согласован»

Қордай ауданы жұмыспен
қамту орталығының басшысы
_____С.Б.Көпешов
«__»_____ 2022 ж

«Утверждаю»

№7 Бетқайнар колледжі
директоры
_____Г.Е. Алимбаева
«__»_____ 2022 ж

**«№7 Бетқайнар колледжі»
2022-2027 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

